

6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Тажбенова Сауле Тажединовнаның «Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ ПІКІРІ

Докторант Тажбенова Сауле Тажединовна 2019 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінде 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантуралы аяқтады. Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасында педагогикалық тағылымдамадан, одан кейін Паула Страдыя атындағы Рига университетінде «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

Университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітілген докторлық диссертация жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерінің бірі алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалауға негізделген. Диссертациялық жұмыста тақырыптың өзектілігі толық ашылған, отандық және шетелдік деректер көзі талданған, зерттеудің соңғы статистикалық әдістері қолданылған және қорғауға ұсынылатын қағидалары мен тұжырымдары ғылыми дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстанда, мысалы ретінде Ақтөбе қаласында қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысына бағалау және бағдарламаның ұйымдастырушылық аспектілеріне сараптамалық бағалау болып табылады. Зерттеу жұмысы барысында қант диабетінен ауруларды басқару бағдарламасының негізгі индикаторлары бойынша жұмысына бағалау жүргізілді, бағдарламаға қатысатын науқастардың бағдарламаға қанағаттанушылығын анықтау үшін сауалнама жүргізілді, сондай ақ, қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының ұйымдастырушылық аспектілерін сараптамалық бағалап, бағдарламаны іске асыру көлемі мен сапасын бақылау жүйесі әзірленді.

Алынған зерттеу нәтижелері қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасының жұмысын бағалауға бағытталған тұжырымдарды жасап, тәжірибелік ұсыныстар беруге мүмкіндік берді. С.Т.Тажбенованаң диссертациялық жұмысы өзіндік аяқталған жұмыс, материалды ұсынудың қатаң дәйектілігі мен қысындылығын сақтай отырып, жеткілікті жоғары деңгейде жазылған және алынған нәтижелердің ішкі бірлігімен сипатталады. Диссертациялық жұмыста докторанттың өзінің қосқан үлесі зор, барлық материалдарды жинау, оларды өндеуді, статистикалық талдауды жүргізді, сондай ақ, зерттеу нәтижелерін, қорытынды мен тұжырымдарды, практикалық ұсыныстарды докторант өзі құрастырды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналында, КР Білім және ғылым Министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған басылымдарда жарияланып, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды. Зерттеудің нәтижелері бойынша авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 1 күнлік және ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актілері алынды. Ақтөбе қаласының емханаларында «Ауруларды басқару бағдарламасы бойынша шаралардың көлемі мен сапасын бағалау картасы және қант диабетін басқару бағдарламасының сапа индикаторлары» тәжірибелік ұсыныс ретінде енгізілді.

Докторант ғылыми талдау әдістерін жеткілікті дәрежеде менгерген, ғылыми зерттеулер жүргізуге жеткілікті деңгейде дайындығы бар.

«Қант диабетімен ауыратын науқастар мысалында ауруларды басқару бағдарламасын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы докторлық

диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынылады, ал докторант Тажбенова Сауле Тажединовна бұл дәрежеге лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Қоғамдық денсаулық сақтау, стоматология,
фармация және мейірбике ісі
факультеттерінің деканы, м.ғ.к.



Султанова

Г.Д.Султанова

